www.ozen.kz
www.facebook.com/OzenMunaiGaz/

ÓZEN

№3 (49) НАУРЫЗ, 2020 Ж. «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Құрметті әріптестер!

Баршаға мәлім әлемді дүрліктірген коронавирус індетіне байланысты елімізде төтенше жағдай жарияланған болатын. «Жұт жеті ағайынды» демекші, індетпен бірге нарықтағы бренд маркалы мұнайдың баррелі 16 долларға дейін құлдырады. Мұнайшылардың қауіпсіздігі мақсатында компания басшылығы өзенмұнайгаздықтардың басым бөлігін еңбек демалысына және бос тұрысқа жіберуге мәжбүр болды. Орын алған қолайсыздықтарға қарамастан өз болашағын компания болашағымен байланыстыратын еңбек ұжымы бірлік пен тынымсыз еңбек ете отырып, сәуір айының жоспарын артығымен орындауға қол жеткізді. Атап айтатын болсақ, сәуір айының жоспары 459 298 тонна болса, нақты өндірілгені 460 380 тоннаны құрап, 1082 тонна артығымен орындалды. Бұл көрсеткіште әрбір қызметкердің орасан зор үлесі бар екені сөзсіз. Карантин кезінде денсаулығына қауіп төнгеніне қарамастан бірлесе еңбек еткен көптеген әріптестерімнің бойынан компанияға деген адалдықты байқап, сүйсінгенім рас. Бұл-адам бойындағы құрметтеуге тұратын ең ұлы қасиет деп есептеймін. Әрбір өзенмұнайгаздық сын сәтте компания жанашыры екендігін көрсете білді. Қиын кезеңде төзім мен табандылық, түсінушілік пен жанашырлық танытып, елге қызмет етудің жарқын үлгісін көрсете білген әріптестеріме басымды ие отырып, шексіз алғысымды білдіремін!

Құрметпен,
«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Есен Өтеев

MEDIKER

Құрметті Медикер ұжымы! Ел басына қиын уақыт туған кезде Сіздер ұлтқа қызмет етудің керемет үлгісін көрсетіп, компания ықыласына бөлендіңіз. "Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып", маңдай тер төгіп, адал еңбек етіп, біздің өмірімізді жеңілдетуге орасан зор үлес қостыңыздар. "Алтынның қолда барда қадірі жоқ" – демекші, әшейінде аса бағалана бермейтін Өздеріңіздің жүрегіңізде күллі планетаны сауықтыруға жететін мейірім мен қажырдың барын көріп, риза болдық. Өз өміріңізді қауіпке тігіп, коронавируспен ауырғандарды аман алып қалу үшін жандарыңызды пида етуге дайын болған Сіздерге Алланың нұры жаусын! 10 мыңға жуық адам жұмыс жасайтын "Өзенмұнайгаз" акционерлік қоғамы еңбек ұжымы атынан Өздеріңізге риясыз алғысымды білдіруді өзімнің азаматтық парызым деп санаймын! Сіздерге баянды болашақ, берекелі тірлік, мәнді де сәнді өмір тілеймін.

Ыстық ықыласпен, "Өзенмұнайгаз" АҚ
бас директоры Есен Өтеев

▼ АҢДАТПА ▼

2 ІНДЕТ – АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ!

4 МДЖӨҚКБ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ ВАХТАҒА КӨШТІ

6 МЕНІҢ ШЕШЕМ

ÓZEN
www.ozen.kz

№3 (49) НАУРЫЗ, 2020 Ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ІНДЕТ – АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ!

«Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020-жылғы 15-наурыздағы №285 Жарлығымен енгізілген Қазақстан Республикасының аумағындағы төтенше жағдайдың қолданысын ұзарту туралы және 01.04.2020-жылы «Маңғыстау облысының аумағында карантин режимін және шектеу іс шараларын енгізу туралы» Маңғыстау облыстық мемлекеттік санитарлық дәрігерінің №7-БСДҚ қаулысына сәйкес 14.04.2020-жылынан бастап «Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша 208 қызметкер вахталық әдіске ауыстырылды.

Атап айтатын болсақ, МГӨБ-тің ШСС-нің-47 қызметкер, МДжӨҚКБ – 106 қызметкер, ӨЭМБ – 39 қызметкер, АжТБ – 7 қызметкер, ХжЭБ – 6 қызметкер, СҚКБ-дан 2-3 қызметкерден кетті. Бұдан басқа, Қоғам бойынша күнделікті шығатын 5774 қызметкерден 2670 қызметкерге азайды. Арнайы көліктер саны 1485 данадан 689 данаға азайтылды.

Адамдардың бір жерде шоғырлануын болдырмау мақсатында, транспорттық басқарма қызметкерлері мен топтық қондырғы операторларына құрғақ тамақ берілу ұйымдастырылды. «KMG EP-Catering» ЖШС ақпараты бойынша төтенше жағдай орын алғанда 2 айға жетерлік құрғақ тамақ қоры бар екендігін айта кеткен жөн болар.

Компанияға қарасты барша басқарма нәзік жандылары төтенше жағдай жарияланғаннан бастап, маскалар тігуді қолға алды. «Жанарыс» ЖШС-мен 33260 көп қолданбалы маска тіктіртіп, оның 23660 данасы өзенмұнайгаздықтарға тегін таратылып берілді. Қаламыздағы Орталық ауруханаға көмек ретінде 200 дана көп қолданбалы маска және 200 дана комбинезон берілді. Жұмыскерлерді тасымалдайтын 138 автобусына антисептик орнатылылып, жүргізуші комбинезон, маска, резеңке қолғап киюге міндеттелді.

Күнде қызметкерлер дене қызуы өлшенуде. Басты құндылық – мұнайшы қауіпсіздігі деп түсінетін компания басшылығы 59 тепловизорді 16 басқарма мен 14 асханаға, автобекеттерге таратып берді. Тоқетері, қолымыздан келген нәрсенің бәрін істедік.

Біз бәріміз бір нәрсені анық ұғуымыз керек. 182 мемлекетті шарпыған індет ойнайтын нәрсе емес. «Індет – айтып келмейді»! Сенің өміріңе сен ғана жауаптысың. Сенің өмірің саған ғана берілген. Сондықтан темірдей тәртіпке бағынып, тиісті талаптарды орындаған адам қор болмайды. Айналада болып жатқан кез келген оқиғаға байыппен, салмақты қарауға шақырамын.

Асылы ауыртпалық елді біріктіреді, жақындастырады екен. Бүкіл әлем бір ғана үйге сыйып кеткендей әсер қалдырды. Алла тағала баршамызды қиын кезеңнен аман-есен өтуге жазсын! Ораза қабыл болсын!

Өсербай Тұрсабеков,
Бас штаб төрағасының орынбасары

Көмектесуге әзірміз!

«Медикер плюс» ЖШС Қазақстан Республикасы Президентінің 2020-жылғы 15-наурыздағы № 285 «ҚР төтенше жағдайды енгізу туралы» Жарлығына және ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің коронавирус инфекциясының бүкіл әлемде таралуына байланысты дер кезінде өзгеріс енгізіліп қабылданып жатқан Қаулыларына сәйкес барлық санитарлық-эпидемиологиялық шараларды жасап жатыр.

«Театр гардеробтан басталады» – демекші, Медикер – қолды антисептикпен жуудан басталады. Бізге келген кез келген адамның дене қызуы өлшеніп, қызу анықталған жағдайда фильтр кабинетіне оқшауланады. Оқшауланған азаматқа медқызметкер өз алгоритмімен әрекет етеді. Коронавирус инфекциясының тарамауы үшін ғимаратта кесте бойынша дезинфекция жұмысы жүргізіліп тұрды. Адам қолы тиетін есік тұтқалары, орындықтардың арқалықтары, баспалдақтар, еден мен жабдықтардың бәрі арнайы ерітінділермен сүртілді. Кабинеттерді желдетіп тұру міндеттелді. Бұл іс-шаралардың барлығы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің Қаулыларына сәйкес үздіксіз жүргізіліп отыр. Келушілерге коронавирустың алдын алу туралы ақпараттар жазылған жадынамалар таратылып, экрандардан инфекцияның алдын-алу, алғашқы белгілері туралы видеороликтер жүлгізілуде.

Халық денсаулығын сақтау мақсатында және де «ҚР төтенше жағдайды енгізу туралы» ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес ҚР халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020-ж. 01-сәуірінде қабылданған №30 Қаулысы күшіне енуіне байланысты өзенмұнайгаздықтар мен олардың отбасы мүшелеріне карантин талаптарын қатаң сақтау жөнінде ескертіп, жоспарлы көмек алу үшін медициналық орталықтарға баруды тоқтатып, аса қажет болған жағдайда дәрігердің қашықтықтан қызмет көрсетуі мүмкіншілігін пайдалануға болатынын ескерттік. Аталмыш қызметті пайдалану үшін біздің Call-орталығы (тел: 93-003) немесе тіркеу бөлімі (тел: 93-065) қоңырау шалып, дәрігерге тіркеліп, дәрігермен видеоқоңырау арқылы байланысып, қажетті кеңес ала алады.

COVID–19 алдын алу үшін;

1. Үйде болыңыз. Егде жастағы, қант диабеті, кан қысымы бар, демікпе, бронхит ауруы бар науқастар барынша сақ болғаны абзал.
2. Сыртта маска киіп, қалтаңызда антисептик жүрсін. Қолыңызбен көз, мұрын, бетті ұстамаңыз.
3. Қайда кірсеңіз де, 2 метр қашықтық сақтаңыз.
4. Даладан келгенде ерінбей қолыңызды 20 секунд сабындап жуыңыз.

Осы талаптарды қатаң сақтап, үйде отырған адам аман қалмақ!

Ең соңғысы, респираторлық инфекцияның алғашқы белгілері пайда болған кезде (құрғақ жөтел, тұншығу, дене қызуының көтерілуі) 103 нөміріне хабарласып, жедел жәрдемді шақыруды ұмытпаңыз! Біз көмек қолын созуға әрқашан әзірміз!

Бибігүл Жетімекова,
«Медикер плюс» ЖШС директоры

ЖАЙДАРМАН – КҮЛКІ СЫЙЛАДЫ

«Мұнайшы» мәдениет сарайында «Ағайынға алғысым» тақырыбында Жайдарман ойыны өтті. Сөз алған қала әкімі Мақсат Ибағаров көрермендерді ойын мерекесімен құттықтап, командаларға сәттілік тіледі.

Ойында өздерінің сәтті әзілдерімен көпшілік көңілінен шығып, зал толы халыққа күлкіден шашу шашқан әзілкештер арасынан суырылып алға шыққан «Жалын» («Өзенмұнайсервис» ЖШС) бірінші, «Өзенинвест» МКК және энергетиктер (ӨЭМБ) екінші, БИЛ (Білім инновациялық лицейі) мен АжТБ командалары үшінші орынды жеңіп алды.

P.S. Көбірек күліп, көбірек қуанып үлгеріңіз. Күлкі де шүкірлік сияқты қасиетті...

ТРЕНИНГ ӨТТІ

«Кендірлі» демалыс аймағында компания мамандарына арналған «Дау дамайды басқаруда эмоционалды интеллект» тақырыбында тренинг өтті.

Оқуды халықаралық дәрежедегі бизнес-тренер, конфликтолог-маман Бақыт Дәулетханқызы жүргізді. «Бүгінде адамдардың өзара түсінісуі – проблемаға айналып отыр. Бұл оқу – басшы мен жұмыскер арасындағы қарым-қатынасты реттеуге көмектеседі. Компания тренингке 250 маманды қатыстыруды жоспарлап отыр. Өте дұрыс қадам» – деді тренер ханым.

Психолог-мамандардың пікіріне жүгінетін болсақ, табысқа жетудің бір жолы – адамдармен тіл табыса білуі болып табылады. Табыс төрімізге шықсын десек, өзгелермен өте жақсы қарым-қатынаста болуымыз абзал. Өзіңіз өзгерсеңіз – бәрінің өзгеретініне көзіңіз жетеді.



Бетті дайындаған Айнагүл Күшікбай

ÓZEN
www.ozen.kz

№3 (49) НАУРЫЗ, 2020 Ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

МДжӨҚКБ еңбек ұжымы ВАХТАҒА КӨШТІ

Короновирустың таралуын тежеу, алдын-алу мақсатында Компания бойынша белгіленген іс-шаралар аталған басқармада жалғасуда.

Өзен, Қарамандыбас кенорнында өндірілген мұнайлысу эмульсиясын жинау, тасымалдау және тауарлық сапаға дейін дайындап, «ҚазТрансОйл» АҚ-на тапсырумен айналысатын еңбек ұжымы төтенше жағдайдың маңыздылығын ескере отырып, денсаулық пен амандыққа жеттетін ештеңе жоқтығын жақсы түсініп, Компанияның бас директорының №140- бұйрығына сәйкес сәуір айының 11-нен бастап вахтаға көшті.

Короновирустың таралуын тежеу, алдын-алу мақсатында Компания бойынша белгіленген іс-шаралар аталған басқармада жалғасуда.

Өзен, Қарамандыбас кенорнында өндірілген мұнайлысу эмульсиясын жинау, тасымалдау және тауарлық сапаға дейін дайындап, «ҚазТрансОйл» АҚ-на тапсырумен айналысатын еңбек ұжымы төтенше жағдайдың маңыздылығын ескере отырып, денсаулық пен амандыққа жеттетін ештеңе жоқтығын жақсы түсініп, Компанияның бас директорының №140- бұйрығына сәйкес сәуір айының 11-нен бастап вахтаға көшті.

Басқармада 467 адам еңбек етеді. Төтенше жағдайға байланысты қызметкерлер саны 112 адамға дейін ықшамдалды. 42 адамнан тұратын әкімшілік басқару аппаратының 5 адамы оңашаланып қызмет атқарды. Еңбек ұжымының дені кезекті еңбек демалысы мен бос тұрысқа жіберілді. Вахталық әдіске көшірілген 112 жұмыскердің демалыс орындары 25 нысанға бөлініп, керуеттер қойылды. Жатын бөлмелерді арнайы мамандар дезинфекциялап тұр. Кез келген кіреберісте антисептик сұйықтық құйылған құтылар қойылды. Жұмыскерлерге күніне 4 мезгіл ыстық тағам беріліп жатыр.

Бастапқы кезде арнайы бөлме бөлініп, қыз-келіншектердің маска тігуіне жағдай жасалынды. Аса ыждаһаттылықпен маскалар тігіп, әріптестеріне үлестірген шебер жандарға директор ретінде шексіз алғысымды білдіремін.

Жұмыскерлердің дене қызуы күнделікті өлшеніп тұр. Қауіпсіздік мақсатында нысандарға бөгде адамдардың кіруіне қатаң тыйым салынды. Тек өндірістік қажеттілікке байланысты арнайы техникалар дезинфекцияланып бақылау-өткізу пунктінен жіберіледі.

Орын алған қолайсыздықтарға қарамастан ұжым өзінің еңбекқорлығы мен табандылығының арқасында сәуір айының жоспарын артығымен орындады. Атап айтатын болсам, сәуір айының жоспары 458356 тонна болса, нақты тапсырылған 463272 тоннаны құрап, 4916 тонна артығымен орындалды. Карантинге қарамастан қол жеткен нәтижеде әрбір басқарма маманының үлесі бар.

Өндірістегі мұнай тапсыру процесінің қалыпты жағдайын сақтау жолында бізбен бірге тыныстап, бірге қоян-қолтық еңбек еткен №2 СҚКБ,ӨЭМБ, АжТБ, ХжЭБ директорларына да ризашылығымды білдіремін.

Сүлеймен патша бақытты кезіндегі қолындағы жүзігінің астындағы «Бәрі де өтеді» деген, қиыншылық келгенде «Бұл да өтеді» деген жазуды оқиды екен. Сол айтпақшы, тыныштық пен сабырлық етсек, әлемге дүрбелең әкелген бұл кезден де құтылармыз! Ылайым, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Асанқожа Боқаев,
МДжӨҚКБ директоры

Оймақтай ой

Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер бір-біріне қарасыңыз.
Өмір деген бес күндік кетер өтіп,
Атаң барған орынға барасыңыз.

Ыбырай Алтынсарин

ХжЭБ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ

Басқарма тарихы:

«Қара алтын» өндірісінде өнім өндірумен қатар, мұнай өндіру процессі кезінде қоршаған ортаны қорғау бағытында атқарылатын жұмыстар аса жоғары маңызға ие. Өйткені, экологиялық ахуалды қалыпты ұстап тұру мыңдаған адамның денсаулығына тікелей байланысты. Осы ретте компанияға қарасты Химияландыру және экология басқармасының атқарып отырған жұмысы орасан зор. Аталған басқарма 2003-жылы қантар айының 1-жұлдызы күні «Өзенмұнайгаз» АҚ басқармасының шешімі бойынша «Экология – Мұнай» ЖШС және «Мұнайхимсервис» ЖШС бірігу нәтижесінде Химияландыру және экология басқармасы болып құрылды. 2004-жылдың наурыз айының 31-жұлдызынан бастап ХжЭБ-сы «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Цехтар қызметі:

Бүгінгі күні басқармада 285 адам жемісті еңбек етіп, ел экономикасының дамуына зор үлес қосып жүр. Басқарма автотізбек, топырақтан мұнай айыру, скважиналарды химияландыру және тестілеу, мұнай жабдықтарын ингибитормен қорғау, экология жағдайын жақсарту цехы, мұнайды физикалық-химиялық талдау зертханасы деп аталатын 6 цехтан тұрады. Бұл цехтардың әрқайсысының мұнай өндіру процесіне орасан зор үлес қосып отыр.

- Автотізбектен күнделікті өндірістік құрлымдық бөлішелердің сұраныстары бойынша 40-45 арнайы автокөліктермен (самосвал, АКН, гидропогрузчик) қамтамасыз етіледі. Былтыр атотізбек паркі 10 жаңа самосвал автокөліктерімен жаңартылды.

- Топырақтан мұнай айыру цехы 4 қондырғыдан тұрады (2-топырақтан мұнай аййыру қондырғысы, мұнайды кешенді дайындау қондырғысы және шетелдік «Трикантер» қондырғысы). «Трикантер» қондырғысына тоқтала кетсек бұл 2015-жылы Германия мемлекетінен сатып алынған автоматтандырылған заманауи қондырғы қатарына жатады.Бұл қондырғының мақсаты қалдық мұнайды тауар мұнайы қылып шығару. Қазіргі таңда қондырғы тәулігіне 70 тн, айына 1000-2000 тн тауар мұнайын өңдеп шығарып отыр.

- Скважиналарды химияландыру және тестілеу цехы (СХжТ). Цехымыз мұнай өндіру процесіне үлкен үлесін қосып отырған цехтардың бірі. Атап кетсек цех скважиналарды әртүрлі химиялық ерітінділермен өңдеу жұмыстарымен айналысады. Химиялық ертінділермен өңдеу мақсаты, скважина түбін тұздан, асфальттық қара май парафинінен тазарту.

Заманауи технологиялар:

- Цех құрамында жаңадан салынған қазіргі талаптарға сай заманауи 2 қондырғы бар. Қондырғылар скважинаны өңдейтін химиялық ерітінділер дайындайды. Тағыда осы цехымызда 4 дана Татарстаннан, Ресейден заман талабына сай мұнай құрамын өлшейтін қондырғылар бар. Бұл қондырғылардың жұмыс жасау мақсаты скважинаның (мұнай, газ, су) тәуліктік өлшемін анықтау болып келеді. Бұдан басқа Ресей мемлекетінен сатып алынған Колтюбинг УКРС 20 қондырғысы бар. Қондырғының жұмыс жасау операциясы да скважина түбін түздан, парафиннен, механиқалық қоспалардан т.с. ыссы сумен жуып тазарту болып келеді.

- Мұнай жабдықтарын ингибитормен қорғау цехы (МЖИҚ). Цехтың мақсаты мұнай жабдықтарына ингибиторлық тәсілмен химиялық ерітінді айдау. Химиялық ерітінді айдау арқылы біз мұнай жабдықтарын тұздан, парафиннен, таттан қорғаймыз.

- Экология жағдайын жақсарту цехы (ЭЖЖ). Бұл цех әртүрлі төмен радиактивті қалдықтарды жинау мен, скважинаны тұншықтыру сұйығын дайындау, мұнай аралас топырақты қызулықпен өңдеу жұмыстары мен айналысуда. Цех құрамында РҚСУА (радиактивті қалдықтарды сақтау алаңы), ЕТО сыйымдылықтарды тазалайтын, KASC-30M (Финляндия мемлекетінен шығарылған), АСДҚ (Канада мемелекетінен шығарылған), қондырғылар бар.

- Мұнайды физикалық-химиялық талдау зертханасы. Зертхана жұмысы мұнайдың құрамындағы суды, механикалық қоспасын анықтау. Күнделікті зертханаға № 1,3 Мұнай газ өндіру басқармаларынан 250-300 сынама әкелінеді.

Басқарма осындай маңызды өндірістік процестерге жауап береді.

Тиімді жобалар:

2019-жылдың басында компания бас директорының қоғам бойынша пилоттық нысандарда «Кайдзен», «Ысырапсыз өндіріс» жобасын енгізу туралы бұйрығы шыққан болатын. Осы бұйрыққа сәйкес біздің басқармада да «Ысырапсыз өндіріс» жобасын енгізу туралы бұйрық шықты. Жалпы «Кайдзен» философияның мақсаты – үздіксіз даму. Жобаның компанияға, жеке адамға балатигізер пайдасы зор. Мәселен, өндіріс процестерді тиімді пайдалану, уақытты жоғалтпау, мерзімінде жеткізу, бос тұрысты, артық өндірісті болдырмау, сапалы өнім өндіру болып кете береді. Бүгінгі күні басқарма бойынша үш нысанға осы жобаның алғашқы принциптерінің бірі 5С енгізілген. Алдағы уақытта қалған нысандарға енгізуді қолға алмақпыз.

Хоббиі бар мұнайшылар:

Басқармада Куаныш Қонаев, Қазыбек Жалғасбаев, Түгел Рзаков деген спортшыларымыз «Өзенмұнайгаз» АҚ футболдан ардагерлер құрама командасында өнер көрсетеді. Жалғас Абдынасыров деген жұмыскеріміз «Өзенмұнайгаз» АҚ футболдан жастар құрамасының белсенді жастар құрамасының мүшесі. Аталған жігіттер жарыстарға «Өзенмұнайгаз» АҚ жиі атынан қатысады. Басқармада цехтар арасында да спортттық жарыстар өтіп тұрады. Компаниямыздың Жайдарман лигасына тұрақты қатысушы өзіміздің «Экolife» жайдарман командасы бар. Команда ойын сайын жүлделі орындардан көрініп жүр. Команда капитаны әрі үздік ойыншысы Қайрат Аманқосовты әзіл сүйетін көрермендер жақсы таниды.

Мұнайшылардың талантты балалары:

Басқармамыздағы экономикалық бөлім бастығы Рахметов Еріктің баласы Әлнұр 2018/2019 Junior NBA баскетболдан Қазақстан Батыс лигасы бойынша 2-орынға, сапа инженері Сәбит Оразбаевтың қызы Ақжібек «Мақтанышым Махаббатым Маңғыстау» Республиқалық мәнерлеп оқу сайысынан 1-орынға, цех бастығы Ахмет Янгибаевтің ұлы каратэ-ден 2017-жылы әлем чемпионы атағын иеленді.

Инженер-геолог Дина Нұрбергенованың қызы Ақерке «Жас маман – болашаққа бас қадам» атты күндік аясында «Әлем таныған ұлы Абай» атты 3-сыныптар арасында мәнерлеп оқу сайысында 1-жүлделі орынды жеңіп алды. Инженер – эколог Гүлнәр Мұрынбаеваның қызы Гүлбаршын Халықаралық «British Bulldog» ағылшын тілі конкурсынан 1-орынмен мараппаталды. Бұл біз үшін – үлкен қуаныш.

Басқарма озаттары:

Ерен еңбегімен көзге түсіп, алдыңғы қатардан көрініп жүрген Ораз Шүренбаев, Омар Мұқанов, Өсербай Байбосынов, Сәрсенбай Тоғайбаев Насихат Сапаров, Махмұт Асадов, Қайнар Рзабеков, Көбейсін Бердиев, Абай Түлкібаев, Шарапат Пасыров, Абдулла Тарбанов, Ақиқат Сапаров, Оразбай Суханов, Әмір Тәжікенов, Рахат Раушанов, Мадияр Нәжіманов, Ерғали Сегізбаев, Гүләйім Сисенова, Ханшайым Бисенгалиевалар басқарма мақтанышы.

Алғыс:

Бар жігерін Өзен кенорнының өсіп-өркендеуі жолында сарп етіп, ел несібесі үшін тер төгіп жүрген іргелі басқарма еңбек ұжымына зор алғыс! Елімнің өркендеуіне титтей де болса үлес қоссам деп жүрген өздеріңізбен біз мақтанамыз.

Бетті дайындаған Айнагүл Күшікбай

ÓZEN
www.ozen.kz

№3 (49) НАУРЫЗ, 2020 Ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

8-НАУРЫЗ АНАЛАР МЕРЕКЕСІ

Менің шешем...

Мен көп балалы отбасында дүниеге келдім. Мен тәрбиеленген отбасы мен қазіргі отбасыны салыстырамын да, айырмашылықтың жер мен көктей екендігін байқап, айран-асыр қаламын. Бәлкім, қазақтың «елу жылда – ел жаңа» дегені осы ма екен?!

Қара жердей салмақты менің шешем үшін өмір сондай түсінікті болатын. Аштықты, жетімдікті көріп өскен ол жерге түскен нан қиқымын немесе төгілген сүтті көрсе, шошып кететін-ді. Жалмажан төгілген сүтті саусағымен маңдайына тигізіп, әлдене деп күбірлейтін. Мен оның қылығына күлетінмін. Ол кезде үстінен күн иісі мен малдың қиы араласқан әлдебір түсініксіз иіс шығатын қара кемпірді, өмір-бақи сағынып, іздеп жүретінімді білмеппін. Сөйтсем, қара кемпір менің өмірдегі тірегім, қорғаным, қолдаушым, қорғаушым болған екен. Құшақтап отырып: «Небір заман өтті ғой. Беу, дүние-ай! Қазақтың небір марқасқа жігіттері кетті-ау... Түндігі ашылмай қанша түтін қырылып қалды-ау...» – деп жылаушы еді. Бала-бақшаға барып жүрген мен сорпаға тойып алып ана құшағында маужырап ұйқыға кетіп бара жатушы едім... Анамның ащы жасы бетіме тамып кететіні де есімде қалыпты.

Кешкілік отбасы болып теледидардан кино көріп жатамыз. Советтің киносы... Шабаландап семіз орыс қатын отағасының бетінен алып жатады. «Көргенсіз!» – дейді рахаттанып шай ішіп отырған шешем тіксініп... «Ер-азаматының бетіне осылай келуге бола ма?» – дейді күйіп-пісіп. Ол үшін ер-азаматқа қатынның қарсы сөйлеуі – абсурд. Ақылына сыймайды...

Әкем мен шешем бір-біріне ғашық болып үйленді деп айта алмаймын. Алайда олардың арасындағы балдай тәтті татулық пен сыйластықты қазіргі «сүйіп-күйіп» үйленген кейбір жас жұбайлардан таба алмайсың. Олардың арасында бізге беймәлім араласу мәйегі болды, үзілмейтін жіп бар еді. Қазіргі жастар бір-бірін көрместей таптап, жүрекке салмақ салып, сүйектен өтер сөздерге жол береді. Олар эмоцияға берілгіш, тыйым салынған нәрселерге бойы бейім, соны түсінуден уайымға салынады. Мені сүйгенімізбен тұрып жатып, отбасында кіршіксіз үйлесімділікке қол жеткізе алмауымыздың себебі неде?! Олар сүйіспеншіліксіз қалай тату да бақытты өмір сүрген?! – деген ойлар толғандырады. Қазір заман басқа ғой – деген жауап бергеніміз дұрыс па?! Мәселе тек заманға ғана тіреліп тұр ма?! Ой елегінен өткізсем, ол кездегі өмір заңы тым қарапайым екен. Әке – отбасы тірегі, асыраушы. Шеше – екінші сатыда, үй тіршілігі мен тауқыметін тартушы, балаға жауапты, әрі жұмыс істеп, отбасының бірлігін нығайтуші, ол ешқашан күйеуіне ренжімейді, өзінің екінші екенін терең түйсінгендіктен де, өкпесін айтуға да қақысы жоқ. Әрбір отбасы мүшесі өз орнын нақты біледі. Әкелік билікке бағыну-ол кездің балалары үшін қалыпты жағдай еді. Олар «отбасы басшысы кім?» – деген сұраққа бас ауыртпайды. Онсыз да белгілі жайт.

Қазіргі ерлі-зайыптылардың жан-дүниесінде тыныштық жоқ. Әйел санасы бүтіндей өзгерді. Отағасының бетіне жел болып келіп, бір ауыз ауыр сөз айтпай өмірден озған менің шешемдей шешелердің қатары сиреді... Ішіп келген әкемді қара нардай қара кемпір аппақ төсекке жатқызады. Үйде қазан асылып жатады...Өрістен қойлар келіп жатады. Шешемде ләм-мим сөз жоқ. Бәріміз кешкі асқа тойған соң, ұйықтаймыз. «Ия, Алла мың да бір шүкіршілік...» деп күбірлейді жастыққа қисайып жатып ол. Рақат, керемет жайлылық. Үйде кішкентай мәселе бола қалса «әкелерің не дейді екен» – дейді шешем...

Ақылды жан өзінің ақылымен, парасат-пайымымен-ақ отағасын өмір-бақи өзіне табындырып өтті. Халықтың болашағы өзіне қарап тұрғандығын, аналық парызын, халқының алдындағы қастерлі міндетін естен шығармаған, «тоғыз ай, он күн көтерген, еңбегінде еті өлген, мұздай бесік таянған, жыласаң шошып оянған» (Майлықожа) қазақ деген ұлттың тәрбиешісі асыл шешелерге мың тағзым!

Сарша Сүгірәлі,
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері

«ЖАН ТАНУ» АЙДАРЫ

РОБИН ШАРМАҒА ҚҰЛАҚ ТҮРІҢІЗ...

Робин Шарма – канадалық жазушы, Солтүстік Америкадағы мотивация, көшбасшылық, жеке бастың дамуы жөніндегі ең әйгілі маман.

1. Маған «Сорғыш Боб» мультфильмі ұнайды. Ол үнемі жақсылық іздейді. Іздегенін табады. Достықты бағалайды. Ерекше. Өмірден ләззат алады.
2. «Ерте тұрғанның ырысы артық» – деген ескі нақыл өзектілігін жойған жоқ.
3. Аз сөйлеп, көп тыңдаңыз.
4. Сіз өмірге жарқырап тұру үшін келдіңіз.
5. Аз сөйлеңіз, көп жасаңыз.
6. Адамдарға мейірман, сыпайы болыңыз.
7. Ақшаңызды үнемдеңіз.
8. Өмір қысқа, оның қашан тоқтайтыны ешкімге мәлім емес.
9. Ұлы адамдар жағымсыз сөз айтпайды.
10. Сөзді ақылмен таңдаңыз.
11. Күніне 3 рет тамақтансаң, тоқ боласың. Күніне үш рет оқысаң, дана боласың.
12. Сөздің құдіреті шексіз.
13. Ойлануға уақыт тап. Күн сайын.
14. Бізге үнемі бәрі аз. Ешқашан бақытты бола алмаймыз.
15. Зат көп, бақыт аз. Бас толы, өмір бос.
16. Өмірдің ұлы сабағы – әр заттың қайыры бар.
17. Қайғы келсе, қайғыра біл, ашу келсе, ашулан. Сосын ары қарай жылжы. Өмір – қозғалыс.
18. Жаны ауырған адам өзгенің жанын ауыртады. Ренжулі адам өзгені ренжітеді. Тас жүрек адам айналасындағыларға қатыгез болады.
19. Қиын сәтте бастысы сабырға ие бол.
20. Бақыт құпиясы қарапайым: Не нәрсемен айналысқанды ұнататынынды біл.

Сосын сол іске бар энергияңды жұмса.

КІТАП – АДАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ

Сізге аз да саз, қысқа әңгімелердің шебері Бейімбет Майлинді оқуға кеңес береміз. Биағаның әңгімелер топтамасын парақтап отырсаңыз, еш қиындықсыз-ақ, кешегі аласапыран күндер шындығы көз алдыңызға дөңгеленіп келе қалады. Жазушы өз заманындағы асыра сілтеу мен қисық-қыңыр істерді өмір суреттері арқылы астарлап күлкі етуші. Келеке етуші. Майлин шығармасының құпиясы неде?! Ол – уақыттың өз суретін, шынайы бейнесін бере білгендігінде...

«Айранбай» әңгімесіндегі етікші бейнесі бір жағынан күлкілі, бір жағынан расында мына өмірдің тым қатыгез, опасыз екендігін дөп басып көрсете алған. Әңгіме кейіпкері өзінің жақыны Кемелбайдан бір кішкене қайыс сұрап ала алмаған соң, өзгеден не қайыр күтпек?!

Талантты жазушы әңгімелерін оқып отырып сол заманға саяхаттап қайтасың. Адам арасындағы теңсіздік! Біреу бай, ал енді біреу – кедей. Бай байлығына басып күпінеді, кедей кіжінумен тірлік кешеді. Дарын иесі жаңа өкімет атын малданып, қазақ әйелдерінің тым еркінсуі, тайраңдап, ойына не келсе, соны айтуға бейімделе бастауы, қысқасы, елдегі бұрыннан қалыптасқан ізгі тәртіптердің бұзылуын ашына жеткізеді.

Өз дәуірінің көзі мен құлағы бола білген Бейімбетті оқыңыз. Өкінбейсіз!

Екі ай өмір...
(әңгіме)

Қаладағы әжептәуір құрылыс компаниясының директоры, қырықтың қырқасына іліккен Есеттен жаман ауру табылды. Астанадағы дәрігер досы қынжыла отырып, 2 ай өмірінің қалғанын жеткізді.

«Біз қонақпыз. Екі айдың ішінде қанша адамның жол апатынан, өзге де пәле-пәтерден о дүниелік болып жататыны бір Аллаға мәлім. Ешкім қашан кететінін білмейді. Сен білесің...» – деді. Есет досының бұл сөзді жылату үшін әлде жұбату үшін айтқанын түсінбеді.

Қаралы хабарды сабырмен тыңдаған ол аэропортта досының қолын қысып тұрып, бұл хабардың құпия қалуын өтінді.

Ұшақтан түскен бойда күтіп алған шопырымен құмырсқаның илеуіндей қыз-қыз қайнап жататын кеңсесіне емес, әке-шешесінің басына барып қайтты. Мазалай берген соң, ұялы телефонын өшіріп тастады. Өзіне сұраулы көзбен қараған шопырға ағасының адресін айтты. Шешесі марқұм ағасы екеуін құшағына қысып отырып, анасының қос қанаты ғой деп кезек-кезек бастарынан иіскейтін.

Әскерде орыс жерінде болған Есет қысына шыдай алмай ауырып, артынан ағасы іздеп келіп еді. Қожанасыр ағасы мұны оңаша шақырып алып, «ауылдағы тайыншаны сатып, ақшасын командиріңе беріп, сенің орныңа әскерде мен қалсам қайтеді» – деп еді-ау... Сөйткен ағасының жол апатынан аяғынан айырылып жатқан баласына көмек сұрап хабарласқанына да біраз уақыт өтіп кетті. Әйтеуір бір жанталас өмір. «Енді кешіктіруге уақыт жоқ» – деді бұл өзін өзі кекетіп. Ағасында құдайға шүкір бала жетеді. Ауылдағы ең көрікті қыздардың біріне үйленгенде, жеңешесінің әдемілігіне малданып біразға дейін танауы шелектей болып жүріп еді-ау. Қазір қаладағы қуықтай екі бөлмелі үйде тұрып жатыр. Бұл ағасы сияқты ғашық болып, күйіп-жанбады. Кішкентай кезінен жоқшылықты көріп өскен бала, аяғын аңдап басып, есеппен отау құрды. Білдей құрылыс басқармасында жұмыс жасайтын дөкейдің бұлаңдап өскен жалғыз қызына құрық салды. Обалы қане, Әсия осы уақытқа дейін өзге ақымақ қатындардай «сенің осы дәрежеге жеткенің менің әкемнің арқасы» деп бетіне салық етіп басып көрген емес. Бойын күтіп сыланып қалған келіншегі Асқар мен Әминадан соң бала көтермей қойды. Осы уақытқа дейін мән бермей келген Әсет дәл бүгін балаларының аздығына өлердей өкініп келеді.

Атасы жұмысқа қасына алды. Зейнеткерлікке кеткенде тәп-тәуір лауазымға тағайындатып кетті. Жұмысқа деген өлермендігінің арқасында директорлыққа дейін өсіп, бүгінде жекеменшік құрылыс компаниясын басқарып отыр. Кең сарайдай үйі бар. Арқыраған қара джип астында. Күні кешеге дейін өзін ақ тауды айырып, қара тауды қайырып жүрген бүгінгі күннің батырындай сезінуші еді. Ал бүгін бәрі мағынасыз, бәрі сұрғылт қажетсіз нәрсеге айналып кеткен сияқты.

Күзетте жұмыс жасайтын ағасы әлі үйіне келе қоймапты. Бір кездері көздің жауын алатын сұлу жеңгесінің өңі солғын көрінді. Ыңғайсыздау үнсіздіктен соң бұл «қара тентекке келіп едім» – деді күмілжіп. Көрші бөлмеден Асқаттың «Көке!» – деген жарқын даусы естілгенде қуанып кетті. Бала керуертте жатыр екен. Әйтеуір бір аяғы аман. Оған да шүкір.

«Көке сенің келетініңді білгенмін. Түнде түсімде көрдім!» – деді бала бұны тас қылып құшақтап. Есеттің жүрегі езіліп кетті. Асқаттың қасында біраз отырды. Бала фантастикалық кітап оқығанды ұнатады екен. Оқуды үздік оқитын ол болашақта хирург болуды армандайтынын айтты. «Аяғым бар кезде мектептегі футбол командасының ең мықты шабуылшысы едім» – деп мақтанып та қойды. Ертең шетелге алып кететінін естігенде жүзі қуаныштан бал-бұл жанып шыға келді.Орнынан тұруға оқталғанда қолын қысып «Көке, мені емдеткен ақшаңызды аман жүрсем қайтарамын» – деді нық дауыспен. Бұл баланың қайсарлығына риза болды. «Енді ол ақша көкеңе керек болмайтын шығар» – деді ішкі даусы.

Жеңгесі ас үйге шай жасапты. Бойжетіп қалған Мәдина жұпыны киімінен қысылғандай имене қарап сәлем берді. Азық-түлік дүкеніне барып, бірнеше пакетті толтырып, Асқатқа компьютер алып қайтып келгенде ағасы жұмыстан оралған екен. Екеуі құшақтасып амандасты. «Баламысың» – деген, Асқат жолға жиналуды бастап та жіберіпті. Компьютерді көргенде бала шыдамай ысқырып жіберді. Кішкентай үйдің іші үбірлі-шүбірлі балалардың қуанышты үніне толып кетті. Не алып берсе де қуанбайтын өз балалары есіне түсті. Кетерінде есепшіліктің оқуын қызыл дипломмен бітіріп, үйде жұмыссыз жатқан Мәдинаға бір уыс ақша ұсынды да «Бастан-аяқ киін. Ертеңнен бастап, бізде жұмыстасың. Кадрға ескертемін. Бізге сен сияқты энергиясы көп, білімді де білікті жас маман қажет-ақ» – деді күлімсіреп. Мәдинаның қуанғаннан беті қызарып кетті. «Рақмет, көке! Сеніміңізді ақтаймын...» – деген даусы даусы дірілдеп шықты... Ағасының отбасына қуаныш сыйлағанына өзін керемет бақытты сезінді. Қоштасарда ағасы бірнәрсе сезгендей қапсыра құшақтап тұрып «бәрі жақсы ма» деді қамқор үнмен... Кішкентай кезінде көшеден таяқ жеп келген өзі үшін талай төбелеске түскен ағасының осы жолы дәрменсіз екенін ойлағанда, жүрегі сыздады. «Жақсы!» – деді бұл, ағасының құшағынан босап жатып. Осы кезде бағанадан бері ләм-мим деп тіл қатпаған жеңгесі таяқ жеген жас балаша өксіп жылады. «Өмір бойы тілеуіңді тілеп өтемін, Төрежан» – деді жылап тұрып қайран жеңгесі...

Далаға шыққан соң, шопырын босатып жіберіп, үйіне жаяу тартты. Өзін көптен бері бұлай жеңіл сезінген жоқ еді... Әрбір үйді тапсырған сайын бір мүжәлсіз отбасыға пәтер сыйлап, кілт тапсыруды үрдіске айналдырып жүрген Есет Жаңа жыл қарсаңында тапсырылатын үйден бөлінетін пәтерді ағасының отбасына беретін болып шешті.

Үйге кіргенде өзіне аңтарыла қараған келіншегін көрді. «Телефоның да өшіп жатыр. Жұмыстан да іздеді. Уайымдап...» – деп асыға сөйлеген Әсиясына сабырмен қарап, жатын бөлмесіне өтіп кетті.

Бүгін жұма екені есіне түсті. Аптаның соңғы күнінде жолдас жігіттермен жел шығарамыз дегенді желеу етіп, отырыс ұйымдастырып, көңіл көтеруді әдетке айналдырып еді...

«Енді мұндай ақымақ тірлікпен айналысуға уақыт жоқ, Есет мырза!» – деген ол киімшең диванға қисайды да, қалың ұйқыға кетті.

Екі айдан соң, өзінен табылған жаман аурудың өзі түгілі ізін көре алмай дәрігерлердің айран-асыр қалатыны ұйқыдағы Есетке беймәлім еді...

Бибігүл Бөбекбай

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Қазақ қызы патшайым да, ханым да,
Биік қояр намысын да, арын да.
Қазақ үшін қыздың орны төрінде,
Дәстүрі бар жалғау тапқан бүгінге.

Қазақ қызы – аты аңызға айналған,
Атқа мінген, жауға талай аттанған.
Ұлы дала тарихында қаншама,
Бопай ханым, Фатима да, Гауһар да.

Қазақ қызы – биязы да, өр тұлға,
Сақтайтұғын әдепті де жөн – жоба.
Әулет отын бағалайтын әрдайым,
Тәлімі мен ибалық бар бойында.

Қазақ қызы – намысы мен ары бар,
Ортаймайтын құнды менің қазынам.
Тәңір өзі жарылқайды жалғайтын,
Періштесі көктен түсер қолдауға.

Қазақ қызы – сұлусыңдар сымбатты,
Әр қазаққа сен дарасың, қымбатсың.
Жеті атасын жете белген халқыңның,
Болашағын сен көркейте алмақсың!

КӨКТЕМ АЙЫ

Көктем келді кешігіп мезгілінен,
Ерекше де керемет лебізімен.
Еркелеген сұлу қыз секілденіп,
Бірде өкпелі, бірде дос құрбысымен.

Қимастай бұл өлкені ақпан айы,
Қайта оралып, қоштаспай аттанады.
Көктеммен жасырынбақ ойнағандай,
Бірімен-бірі алысып жатыр әлі.

Асыға күткендейміз көктем лебін,
Өмірдің жаңа сәтін, өзгерісін.
Шуақты күн көзімен жанданатын,
Алқызыл гүлдері бар, көмкерілген.

Табиғат оянады, жанданады,
Жеріне қайта оралар жыл құстары.
Аспаннан төгілдіріп нұр шашатын,
Сен сондай әдемісің, көктем айы!

Рамила Аманжолова,
№3 МГӨБ жұмыскері

ÓZEN
www.ozen.kz

№2 (48) АҚПАН, 2020 Ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Алғыс айтсам деп едім...

«Ажал – айтып келмейді» – дейді қазақ. Рас екен. 2006-жылы «Кенқұрылыссервис» ЖШС құрылысшы болып жұмыс жасап жүрген азаматым аяқ астынан қайтыс болғанда, «тас түскен жеріне ауыр» деген, не істерімді білмей абдырап қалды.

«Ел іші – алтын бесік» ғой, шіркін! Қайғыдан қан жұтып отырған мені қаумалап келіп жұбатты. Жылы сөздерін айтып, жанымды емдеді. Осы кезде отағасының мекемесі марқұмның барлық садақаларына көмектесіп, жаныма жалау болды.

Тірі адам тірлігін жасамай тұра алмайды екен. 4 баламен аңырап қалған мені ел азаматтары далаға тастамады. №4 МГӨБ-ке оператор болып жұмысқа орналастым. Ол кезде басқарма директоры Дүйсен Медеуов деген азамат мені қамқорлығына алып, арыз жаздыртып дәрежемді көтертіп «өсіп келе жатқан балалар ештеңеден тарықпауы тиіс» – деп қолдау көрсетті. «Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейтіні рас» екен. Қанша жыл өтсе де осы бір үлкен жүректі азаматтың көмегі жадымнан өшер емес. «Жас өспей ме, көкейіңді теспей ме?!» – демекші, кішкентай балалар өсіп, бүгінде азамат қатарына қосылды. Қазіргі таңда «Кенқұрылыссервис» ЖШС директоры болып отырған Дүйсен Медеуов бір баламды әкесінің орнына аутсорсингпен жұмысқа алып, төбемді көкке жеткізіп отыр. Осы бір азаматтың жүрегінің жомарттығын, көңілінің дарқандығын, туабітті бекзаттығын паш етейін деп қолыма қалам алып отырған жайым бар. Аталған мекеме қызметкерлері Рысжан Мыңбаеваға, Гүлмира Құлшароваларға да алғысым шексіз. Алла разы болсын! Жасаған жақсылықтарыңыз алдарыңыздан шығып, жапырақтарыңыз жайылсын! Аман жүріңіздер!

Гүлжан Шәмкелова,
№4 МГӨБ жұмыскері

АжТБ абзал жанға рақмет айтады

12-мамыр Халықаралық мейірбикелердің кәсіби мерекесіне орай, АжТБ ұжымы карантин кезінде коронавирустың алдын алу сақтық шараларын мұқият жүргізіп, мігірсіз еңбек етіп, төтенше жағдай басталғаннан бері қастарынан табылып, қолынан келген көмегін аямаған аяулы мейірбике Баян Сарбөпееваға зор алғысын білдіре отырып, төл мерекесімен құттықтайды.

1968-жылы 19-сәуірде Ұштаған аулында көп балалы отбасында дүниеге келген Баян өз ісінің хас шебері. Өзінің еңбек жолын 1987-жылы қаламыздағы ауруханадан бастаған мейірбике 2011-жылдан бері «Медикер» ЖШС еңбек етіп, мұнайшыларға қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді. Аса жауапты медицина саласында 33 жылдан бері аянбай тер төгіп келе жатқан еңбекқор жан мұнай саласында абыройлы еңбек етіп жүрген отағасымен бірге оқытып-тоқытып ел қатарына қосқан ұл-қыздарынан тәтті немере-жиен сүйіп отырған бақытты әже.

«Біз үшін әр адамның өмірі мен денсаулығы қымбат. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» – демекші, біз Баянның білімі мен біліктілігіне, кәсіби деңгейіне риза болдық. Ол біздің денсаулығымызды сақтау үшін бар күш-жігерін жұмсады. Жақсы жанға ұжым атынан өміріңіз табысты, еңбегіңіз жемісті болсын деген тілек айтамыз» – деді әлеуметтік әкімшілік қамту бөлімі басшысы Мақсат Мыңжасов.

Құттықтау

Еңбек жолын 1975-жылы зауытта темір жонушының шәкірті болып бастаған Абдулла Тарбанов еңбек етіп, адал ақша тауып, сол арқылы отбасын асырап, қоғамға да пайда келтіріп жүрген еңбекқор жанның бірі. Ол қызметінің қыр-сырын әбден меңгерген білікті де тәжірибелі маман.

Ол 1957-жылдың 9-наурызында өзбек елінде қарапайым отбасында дүниеге келіп, 1976-78 жылдары Ресейдің Челябинск қаласына әскерге шақырылады. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген нақылды ұстаным етіп алған Әбекең 1964-жылы киелі де қасиетті атамекенге ат басын бұрып, Жетібайға келіп қоныстанады.

1991-жылдан бері Химияландыру және экология басқармасында оператор болып абыройлы еңбек етіп жүрген жігіт ағасы «Осы басқармаға жұмысқа орналасқаным күні кеше ғана сияқты еді... Көзді ашып-жұмғанша бақандай 29 жыл өте шығыпты. Жұмысыңды ұнатып істесең, уақыттың өткені де, жұмыстың қиындығы да еш білінбейді екен. Әріптестерім жақсы, өзара татумыз. Құрмет демалысына шыққалы отырған мені сыйлап, қошеметтеп жатқан ұжымға шексіз ризашылығымды білдіремін» – дейді ағынан жарылып. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін өндіріс қазанында қайнап, елдің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан қадірлі жан бүгінде 63 жасқа толып отыр. Қос ұлдың әкесі болып отырған мерейтой иесін мерейлі жасымен шын жүректен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына амандық, жүрегіне тыныштық, дастарқанына молшылық тілейміз.

Құрметпен, ХжЭБ, Скважиналарды химиялық еріткіштермен өңдеу және тестілеу цехы ұжымы

Ардақты Нысанбай Көбегенұлы!

Сізді 63 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіз бізге бағыт-бағдар беріп, жас мамандарды тәрбиелеп отырған ұлағатты жанның бірісіз. Өзіңіз сияқты білікті, білімді, тәжірибелі, кісілігі мен кішілігі қатар жүретін азаматпен әріптес болғанымызға өте қуаныштымыз.

Жүректен шыққан мына өлең шумақтарын қабыл алыңыз:

Алғы күннен күтер әркім жақсы үміт,
Келе берсін Сізге ылғи бақ күліп,
Шаттықпенен көріп таңның арайын,
Жаратушы төксін игі жақсылық.

63-мерейлі жас ер үшін,
Еңбегіңіз еселенсін ел үшін.
Әлі талай қызықтарға кенеліп,
Бұл өмірдің көріңіз тек жеңісін!

Игі тілекпен, МДжӨҚКБ, МДжЖЦ ұжымы

ÓZEN
www.ozen.kz
«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ
Редакция мекен-жайы:
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,
Сәтбаев көш., 3 үй, 426 кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №16077-Г куәлігі берілген

Жобаның жетекшісі:
Жұртшылықпен байланыс департаменті
Бас редактор: **Бибігүл Бөбекбай**
Пошталық мекенжай: psdso@umg.kmgep.kz
Байланыс нөмірі: +7 (72934) 63-445
Журналист: **Айнагүл Күшікбай**
Пошталық мекенжай: zhzh-zhurnal@mail.ru
Сарша Сүгірәлі, gauhar.kenshilik@gmail.com

«Атис» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ш/а,
«Дукат» ғимараты, 1 мұнара, 0/3 кеңсе
Тел:+7 (7292) 525-500
Таралымы: 3000 дана
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады
Айына бір рет шығады